

## **Ауыл шаруашылығы маркетингін мемлекеттік ақпараттық қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1333

Ауыл шаруашылығы нарығының сұранысы мен ұсынысын теңдестіру үшін жағдай жасау, аграрлық сектор өндірісінің тиімділігін арттыру, тауар өндірушілерді нарықтық конъюнктурасы туралы ақпаратпен дер кезінде, сенімді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы маркетингін мемлекеттік ақпараттық қамтамасыз ету туралы ұсынысы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне нарықтық конъюнктурасын зерделеуді тұрақты жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (жарнамалық сипатта емес) маркетингтік ақпаратты кеңінен таратуды қамтамасыз ету тапсырылсын.

2. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік (келісімі бойынша), "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорация (келісім бойынша), "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне мемлекеттік тапсырыс есебіне ауыл шаруашылығы өнімінің нарығы жаңалық материалдарын тегін орналастыру үшін радио мен теледидарға апта сайын 15 минут уақыт, "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттеріне - 200 шаршы сантиметр орын бөлсін.

3. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінің редакциялары 10 күн мерзім ішінде материалды берудің техникалық мәселелерін тиянақтасын және ауыл үшін маркетингтік ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Облыстар мен аудандардың әкімдері Баспасөз және бұқаралық

ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің (келісім бойынша) жергілікті органдармен бірлесіп ауыл шаруашылығы нарығының жаңалықтарын бұқаралық ақпараттың жергілікті құралдары арқылы таратуды ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК